

№ исх: ДЗ-104 от: 19.06.2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 ___ ЖЫЛҒЫ « ___ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« ___ » _____ 20 ___ года

2019 жылғы 19 маусымда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Ж.М. Қасымбекке

Депутаттық сауал

Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

Ағымдағы жылғы мамырда Қарағанды облысының халқымен болған кездесулерде елімізде тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға және кәдеге жаратуға байланысты қалыптасқан жағдай туралы мәселе көтерілді. Алынған ақпаратқа жүргізілген талдау тұрмыстық қалдықтарды басқару проблемасы Қазақстанда өте өзекті екенін және Үкіметтің жедел түрде араласуын талап ететінін көрсетіп отыр.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 3520 үйінді мен ТҚҚ полигоны пайдаланылады. Олардың **82,4 %-ы** экологиялық және санитариялық талаптар мен нормаларға **сәйкес келмейді!** Осы полигондардың рұқсат беру құжаттары жоқ, олар қалдықтарды бөлек орналастыру мен сақтауға бейімделмеген, қалдықтарды сұрыптауға, қайта өңдеу мен көмуге арналған құралдармен жабдықталмаған. Оның үстіне, жұмыс істеп тұрған полигондардың басым бөлігі толып кеткен.

Жинақталған тұрмыстық қатты қалдықтардың жиынтық көлемі **100** миллион тоннадан асып түсті. Жыл сайын осы ТҚҚ көлемі **5-6** миллионға өсіп отырады. **2025** жылға қарай қалдықтарды қоймалаудың жылдық мөлшері **8** миллион тоннаға дейін ұлғаяды деп күтілуде. Бұл ретте қоқыс полигондарға алдын ала зарарсыздандырусыз шығарылады.

Аталған жағдай қоршаған табиғи экожүйеге өте теріс әсер етіп отыр. Топырақ пен жерасты суларының ластануы орын алуда. Бөлінетін газ ауаны ластайды. Полигондар жұқпалар мен уытты заттарды таратудың тұрақты көзіне айналады. Оларды жабайы жануарлар мен адамдар жұқтыруда. Қалдықтарды жинақтау оларды санкциясыз орналастыру алаңын ұлғайтады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Орталық, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері арасында қоршаған ортаны органикалық заттармен жалпы ластау көлемі бойынша екінші орында. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтаудың өсуі – бұл әлемдегі барлық елдер тап болатынын елеулі экологиялық проблема екенін атап өту қажет. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және зарарсыздандыру проблемасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең маңызды жаһандық проблемалардың бірі болып табылады. Өкінішке қарай, елімізде қабылданып жатқан табиғат қорғау шараларының әлі де болса болжалды әсері болмай отыр. 2013 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің №577 Жарлығымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама бекітілді. Аталған құжат алдағы 30 жылда ұлттық экономиканы дамытудың басты қағидаттарын айқындап берді. Бұл табиғи ресурстарды ұқыпты әрі ұтымды пайдалану, ресурстарды пайдаланудың ең тиімді технологияларын енгізу, табиғат қорғау қызметінде инвестициялық тартымдылықты қамтамасыз ету.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау үшін Үкімет «Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың 2014 – 2050 жылдарға арналған бағдарламасын» қабылдады (2014 жылғы 9 маусымдағы № 634 қаулы), онда мынадай:

- жұмыс істеп тұрған тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын қалпына келтіру және санитариялық қағидалардың заманауи талаптарына сай келетін, тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылдау, сұрыптау, қайта өңдеу мен көму инфрақұрылымы күрделі жаңа полигондарды салу;

- халықтың ТҚҚ-ны шығару қызметтерімен 100% қамтылуын қамтамасыз ету;

- биологиялық ыдырайтын қалдықтарды, қаптама материалдарының қалдықтарын бөлек жинауды енгізу;

- жұмыс істеп тұрған еншілес компания «Жасыл Даму» АҚ базасында ТҚҚ-ны басқару жөніндегі бірыңғай үйлестіру орталығын құру жөніндегі іс-шаралар көзделген болатын.

Алайда, екі жыл өткеннен кейін Үкіметтің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 484 қаулысымен аталған Бағдарламаның күші жойылды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жөніндегі басқа кешенді бағдарлама қабылданған жоқ. Үкімет 2016 жылдан бастап елде белгілі бір тауарларды өндіруді немесе әкелуді жүзеге асыратын өндірушілер мен импорттаушылардың қалдықтарды жинау мен кәдеге жарату (бірінші кезеңде автокөлік құралдары үшін) жөніндегі кеңейтілген міндеттемелерін енгізіп, сондай-ақ **2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ТҚҚ-ны алдын ала**

қайта өңдеусіз көмуге және полигондарға пластмассаның, пластиктің, полиэтиленнің қалдықтарын, қағаз бен шыны сынықтарының қалдықтарын қабылдауға тыйым салып, міндеттерді жергілікті түрде шешіп отырды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама іске асырудың бірінші кезеңінде (2013-2020 жж.) ресурстар пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құруды көздейді.

Уәкілетті министрліктің жауапты адамдары еліміздің әртүрлі өңірлерінде қоқысты қайта өңдейтін зауыттарды салу жөніндегі жоспарларды мерзімді түрде жариялап тұрады. Энергетика министрлігінің деректері бойынша, қазіргі таңда елімізде қалдықтарды сұрыптайтын және қайта өңдейтін 130 кәсіпорын бар. Олар 20-ға жуық өнім түрін шығарады. Сұрыптау кешендері 18 елді мекенде орналасқан.

Алайда, аталған кәсіпорындардың тізімін қарайтын болсақ, осы кәсіпорындардың бәрі дерлік облыс орталықтары мен ірі қалаларда орналасқанын көруге болады. Әдетте, бұл дара кәсіпкерлер немесе қуаты кішігірім шағын кәсіпорындар, олар ағымдағы жинақталған көлемдерді де игере алмайды. Өзге қалалар мен ауылдық аумақтар қоқысты қайта өңдеу жөніндегі сервиспен қамтылмаған.

Мысалы, Ақтөбе облысында 21 кәсіпорынды ашу туралы мәлімделген болатын. Олардың 20-сы Ақтөбеде орналасқан! Ақмола облысында – 4 кәсіпорын. Оның ішінде Көкшетау мен оған іргелес аудандағы 2 кәсіпорын ғана қоқысты жинаумен және сұрыптаумен айналысады. Қарағанды облысында 6 кәсіпорын ашылған, олар тікелей Қарағанды және Теміртау қалаларында орналасқан.

Жоғарыда аталып өткендей, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Экологиялық кодексіне 2016 жылы енгізілген түзетулер күшіне енді, солар арқылы полигондарға қойылатын жаңа талаптар енгізілді, сондай-ақ полигондарға көму үшін қалдықтардың жекелеген түрлерін қабылдауға тыйым салу белгіленді.

Жезқазған, Сәтбаев қалаларында, Ұлытау аудан орталығында ТҚҚ-ны қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың жоқ екенін, сондай-ақ өңірлік полигондардың экологиялық талаптарға сәйкес келмейтінін ескере отырып, өңірдегі коммуналдық және өнеркәсіптік кәсіпорындар енді ТҚҚ-ны Қарағандыға апаруға міндетті, бұл іс жүзінде мүмкін емес!

Мысалы, Жезқазған қаласындағы Жезқазған ЖЭО-сының немесе Топар кентіндегі ҚарГРЭС-2-тің ТҚҚ-сын Қарағанды немесе Балқаш қаласындағы «заңды» полигонға кәдеге жарату үшін кемінде 150-200 млн. теңге талап етіледі. Аталған шығындар кәсіпорындар үшін қолданылатын тарифтерде көзделмеген және станциялар өндіретін электр және жылу энергиясы өзіндік құнының артуына алып келеді. Бұл кәсіпорындардың экономикасына және халық үшін тарифтердің өсуіне теріс әсер ететіні сөзсіз.

Қазақстан облыстарының бәрінде түгел осыған ұқсас жағдай қалыптасып отыр. Шыны сынықтарын республиканың 6 облысында ғана қабылдайды, макулатураны Ақмола облысында Нұр-Сұлтан және Көкшетау қалаларындағы 2 компания қабылдайды. Ал басқа елді мекендердегі қалдықтармен не істеу керек?

Үлкен аумаққа ие бола отырып, Қазақстанның әр қалада және ірі аудан орталығында қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі инфрақұрылымы болуға тиіс. Әйтпесе, түзілетін қалдықтарды кәдеге жарату процесі ашық болмайды және санкцияланбаған үйінділер мен жерлеу орындарының өсуіне алып келеді!

Еліміздегі барлық ТҚҚ полигондары коммуналдық меншік болып табылатынын және бюджет қаражаты есебінен экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс болғанын атап өту қажет. Алайда, бұл жұмыс тым баяу жүргізіледі немесе жоқтың қасы! Бұл жағдайда кәдеге жаратуға қатысты енгізіліп жатқан шектеулер коллапсқа және Қазақстанның барлық облыстарында қоршаған табиғи ортаның ауқымды ластануына әкеп соғуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, құрметті Жеңіс Махмұдұлы, қалдықтарды кешенді басқарудың жаңа бағдарламасын бекіту арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» 2013 жылғы 30 мамырда № 577 Жарлығының ережелерін іске асыру бойынша шұғыл шаралар қабылдауыңызды, сондай-ақ мыналарға:

1. Жұмыс істеп тұрған ТҚҚ және өнеркәсіптік қалдықтар полигондарын түгелдеуге және олардың заңнаманың санитариялық, экологиялық нормаларына сәйкестігін тексеруге;

2. Жұмыс істеп тұрған полигондарды санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі қажетті жұмыстарды, сондай-ақ қалдықтарды сұрыптауға, қайта өңдеу мен көмуге арналған қажетті жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру көздерін айқындауға;

3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату саласына жеке инвестициялардың тартылуын ынталандыруды арттыруға;

4. Иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке ресімдеу рәсімдерін оңайлатуға;

5. Экологиялық кодекстің 301-бабы 9, 10, 11 және 12-тармақтарының қолданысын 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтата тұруға бағытталған қажетті ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар өткізуіңізді сұраймыз.

Жауабын заңнамада белгіленген мерзімде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

А. Қожахметов

Н. Әбдіров
Н. Дулатбеков
Г. Қарақұсова
Ф. Қаратаев
Б. Мамраев
А. Смағұлов
З. Балиева
Қ. Қаракен

*Орынд.: Б. Селеубаева,
Тел.: 74-67-52*

Оглашен 19 июня 2019 года

**Заместителю
Премьер-Министра
Республики Казахстан
Касымбек Ж.М.**

Депутатский запрос

Уважаемый Женис Махмудович!

На встречах с населением Карагандинской области в мае месяце текущего года был поднят вопрос о сложившейся в стране ситуации с размещением и утилизацией твердо-бытовых отходов. Анализ полученной информации свидетельствует о том, что проблема управления бытовыми отходами в Казахстане стоит очень остро и требует оперативного вмешательства Правительства.

В настоящее время в Казахстане используется 3520 свалок и полигонов ТБО. Из них **не соответствуют** экологическим и санитарным требованиям и нормам **82,4 %!** Данные полигоны не имеют разрешительных документов, не приспособлены для раздельного размещения и хранения отходов, не оборудованы средствами для сортировки, переработки и захоронения отходов. Кроме того, значительная часть действующих полигонов переполнены.

Совокупный объем накопленных твердых бытовых отходов превысил 100 миллионов тонн. Ежегодно этот объем ТБО прирастает на 5–6 миллионов. К 2025 году ожидается, что размер годового складирования отходов вырастит до 8 миллионов тонн. При этом, мусор вывозят на полигоны без предварительного обезвреживания.

Указанная ситуация оказывает крайне негативное воздействие на окружающую природную экосистему. Происходит загрязнение почвы и подземных вод. Выделяющийся газ загрязняет воздух. Полигоны становятся постоянным источником распространения инфекций и токсичных веществ. Происходит заражение диких животных и человека. Накопление отходов увеличивает площади их несанкционированного размещения.

Сегодня Казахстан находится на втором месте по общему объему загрязнения окружающей среды органическими веществами среди стран Центральной, Восточной Европы и Центральной Азии. Необходимо отметить, что рост накопления твердых бытовых отходов – это серьезнейшая экологическая проблема, с которой сталкиваются все страны мира. Проблема утилизации и обезвреживания отходов производства и потребления является одной из наиболее значимых глобальных проблем в области охраны окружающей среды. К сожалению, принимаемые в нашей стране природоохранные меры пока не имеют ожидаемого эффекта. 30 мая 2013 года

Указом Президента Республики Казахстан №577 была утверждена Концепция по переходу Республики Казахстан к "зеленой экономике". Данный документ определил главные принципы развития национальной экономики на ближайшие 30 лет. Это бережное и рациональное использование природных ресурсов, внедрение наиболее эффективных технологий использования ресурсов, обеспечение инвестиционной привлекательности в природоохранной деятельности.

Во исполнение Плана мероприятий по реализации Концепции Правительством была принята «Программа модернизации системы управления твердыми бытовыми отходами на 2014-2050 годы» (Постановление №634 от 09.06.2014 г), предусматривавшая мероприятия по:

- рекультивации существующих и строительству новых полигонов твердых бытовых отходов, отвечающих современным требованиям санитарных правил со сложной инфраструктурой приема, сортировки, переработки и захоронения твердых бытовых отходов;
- обеспечению 100% охвата населения услугами вывоза ТБО;
- внедрению отдельного сбора биологически разлагаемых отходов, отходов упаковочных материалов;
- созданию единого координационного центра по управлению ТБО на базе существующей дочерней компании АО «Жасыл Даму».

Однако, данная Программа была отменена спустя два года Постановлением Правительства №484 от 29 августа 2016 г.

Другой комплексной программы по управлению твердо-бытовыми отходами принято не было. Правительство локально решало задачи, введя в стране с 2016 года расширенные обязательства производителей и импортеров, осуществляющих производство или ввоз определенных товаров, по сбору и утилизации отходов (на первом этапе для автотранспортных средств), а также **запретив с 1 января 2019 года захоронение ТБО без предварительной переработки и прием на полигоны отходов пластмассы, пластика, полиэтилена, отходы бумаги и стеклобоя.**

В то же время Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике» на первом этапе реализации (2013-2020 гг.) предусматривает проведение мероприятий по оптимизации использования ресурсов и повышения эффективности природоохранной деятельности, а также создание «зеленой» инфраструктуры.

Ответственными лицами уполномоченного министерства периодически озвучиваются планы по строительству мусороперерабатывающих заводов в различных регионах нашей страны. По данным Минэнерго, сегодня в стране 130 предприятий, сортирующих и перерабатывающих отходы. Они выпускают около 20 видов продукции. Сортировочные комплексы располагаются в 18 населенных пунктах.

Однако, если рассмотреть список данных предприятий, то можно увидеть, что практически все эти предприятия дислоцируются в областных центрах и крупных городах. Как правило, это индивидуальные

предприниматели или малые предприятия небольшой мощности, которые не могут освоить объемы и текущего накопления. Иные города и сельские территории сервисом по переработке мусора не охвачены.

Например, в Актюбинской области заявлено об открытии 21-го предприятия. 20 из них находятся в Актобе! В Акмолинской области – 4 предприятия. Из них только 2 предприятия занимаются сбором и сортировкой мусора: в Кокшетау и прилегающем районе. В Карагандинской области открыто 6 предприятий, которые расположены непосредственно в городах Караганда и Темиртау.

Как было отмечено выше, с 1 января 2019 году вступили в силу поправки в Экологический кодекс РК, внесенные в 2016 году, которыми были введены новые требования к полигонам, а также установлен запрет принимать для захоронения на полигоны отдельные виды отходов.

Учитывая отсутствие предприятий по переработке ТБО в городах Жезказган, Сатпаев, в районном центре Улытау, а также не соответствие региональных полигонов экологическим требованиям, коммунальные и промышленные предприятия региона обязаны теперь возить ТБО в Караганду, что практически не реально!

Например, для утилизации ТБО Жезказганской ТЭЦ из г. Жезказгана или КарГРЭС-2 из поселка Топар на «легальный» полигон в г. Караганде или Балхаше потребуется не менее 150-200 млн. тенге. Данные затраты не предусмотрены действующими для предприятий тарифами и приведут к увеличению себестоимости производимой станциями электрической и тепловой энергии. Это, безусловно, негативно отразится на экономике предприятий и росте тарифов для населения.

Аналогичная ситуация складывается во всех без исключения областях Казахстана. Стеклобой принимают только в 6 областях республики, макулатуру в Акмолинской области принимают 2 компании в г. Нур-Султан и Кокшетау. А как быть с отходами в других населенных пунктах?

Обладая большой территорией Казахстан должен иметь инфраструктуру по переработке отходов в каждом городе и крупном районном центре. Иначе процесс утилизации образующихся отходов не будет прозрачным и приведет к росту несанкционированных свалок и захоронений!

Необходимо отметить, что практически все полигоны ТБО в стране являются коммунальной собственностью и должны были быть приведены в соответствие с требованиями экологического законодательства за счет средств бюджета. Однако эта работа проводится крайне медленно или практически не ведется! В этих условиях вводимые ограничения на утилизацию могут привести к коллапсу и масштабному загрязнению окружающей природной среды во всех областях Казахстана.

Учитывая вышеизложенное, уважаемый Женис Махмудович, просим Вас принять незамедлительные меры по реализации положений Указа Президента Республики Казахстан от 30 мая 2013 года №577 "О Концепции по переходу Республики Казахстан к "зеленой экономике" путем утверждения

новой Программы комплексного управления отходами, а также провести необходимые организационные и правовые мероприятия, направленные на:

1. Инвентаризацию и проверку действующих полигонов ТБО и промышленных отходов на соответствие санитарным, экологическим нормам законодательства;

2. Определение источников финансирования необходимых работ по приведению действующих полигонов санитарным и экологическим требованиям, а также приобретения необходимого оборудования для сортировки, переработки и захоронения отходов;

3. Повышение стимулирования привлечения частных инвестиций в сферу переработки и утилизации твердо-бытовых отходов;

4. Упрощение процедур оформления в коммунальную собственность бесхозных отходов;

5. Приостановление действия пунктов 9, 10, 11 и 12 статьи 301 Экологического кодекса до 31 декабря 2021 года.

О принятом решении просим проинформировать в установленные законом сроки.

С уважением,

А. Кожаметов

Н. Абдиров

Н. Дулатбеков

Г. Карагусова

Ф. Каратаев

Б. Мамраев

А. Смагулов

З. Балиева

К. Каракен

*Исп.: Б. Селеубаева,
Тел.: 74-67-52*